

FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.20
ӘОЖ/ УДК/UDC 94(574)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.012>

Т.А. Кариева¹, З.К. Мукатаева²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті КеАҚ
“Отырар кітапханасы” Ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Астана
e-mail: totykarieva2025@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-1814-4208>

²Шәкәрім университеті КеАҚ аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Семей
e-mail: zauremukataeva4@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0008-9604-8477>

ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫН ТӘРКІЛЕУ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Аңдатпа

Қазақстан аумағында ХХ ғасырдың 20-30 жылдар кезеңінде бай шаруашылықтарын тәркілеу және шаруаларды күштеп ұжымдастыру саясаты кең ауқымды сипат алды. Кеңес өкіметінің партиялық атқарушы органдарының архив құжаттарындағы арыз-шағымдар қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесін күштеп күйрету, мал-мүлікті тәркілеудің репрессиялық әдістері мен жаппай жүргізілген зорлық-зомбылық фактілерін айғақтайды. Ірі қазақ ауқаттыларын тап ретінде мәжбүрлеп жою - биліктің алдын-ала жоспарлаған идеологиялық саясатының көрінісі. Нәтижесінде аталған әкімшілік шара Қазақстан өңірінде Кеңес өкіметінің саясатына қарсы бағытталған қозғалыстардың, наразылықтардың кең өріс алуына алғышарт қалыптастырды. Халықты жаппай қамауға алу, тінту, оларды “кулактар” мен “бай элементтер” қатарына жатқызу, малын күшпен тартып алу, мүлкін тәркілеу сияқты репрессиялық шаралар жергілікті билік тарапынан қолдау тауып, жүзеге асырылып отырды. Қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу – халық қасіретіне айналған саяси қуғын-сүргіннің бастамасы болды. Бай-куатты топтарды “жат элемент” ретінде қаралап, қуғын-сүргінге ұшырату саясаты жоспарлы түрде іске асырылды. Біз бұл мақалада архивтік деректерге сүйене отырып, тарихтың осынау қасіретті беттерін объективті тұрғыдан ашуды мақсат еттік.

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Семей округіндегі қазақ байларын тәркілеу үрдісінің жүзеге асуы, жергілікті байлардың өз құқығын қорғауда тиісті органдарға жолдаған арыз-шағымдары архивтік деректер тұрғысынан талданады.

Кілт сөздер: округ, науқан, декрет, бай-кулак, тәркілеу, арыз-шағым, қуғын-сүргін, ұжымдастыру.

Т.А. Кариева^{ID1}, З.К. Мукаатаева^{ID*2}

¹ НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»
Главный научный сотрудник Научного центра «Отырар кітапханасы»
кандидат исторических наук, Казахстан, Астана

e-mail: totykarieva2025@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-1814-4208>

² НАО «Шәкәрім университеті» старший преподаватель, кандидат исторических наук,
Казахстан, Семей

e-mail: zauremukataeva4@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0008-9604-8477>

КОНФИСКАЦИЯ КАЗАХСКИХ БАЕВ – ПРЕДПОСЫЛКА ПОЛИТИКИ НАСИЛЬСТВЕННОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В 1920-х и 1930-х годах политика конфискации имущества зажиточных хозяйств и принудительной коллективизации крестьян в Казахстане приобрела широкий характер.

В 20–30-е годы XX века на территории Казахстана политика конфискации байских хозяйств и насильственной коллективизации крестьян приняла широкомасштабный характер. Жалобы, поступавшие в партийно – исполнительные органы советской власти, указывают на многочисленные методы лишения имущества, которое являлось источником средств к существованию, а также на факты совершённого насилия. Жалобы и заявления, содержащиеся в архивных документах партийно – исполнительных органов советской власти, свидетельствуют о фактах насильственного разрушения традиционной системы хозяйствования казахского народа, репрессивных методах конфискации имущества и массовом насилии. Принудительная ликвидация крупных казахских зажиточных людей как класса является проявлением заранее спланированной идеологической политики правительства. В результате данная административная мера создала предпосылки для широкого распространения движений и протестов против политики советской власти в регионах Казахстана. Такие репрессивные меры, как массовые аресты, обыски, причисление населения к категории «кулаков» и «байских элементов», насильственное изъятие скота и конфискация имущества, находили поддержку со стороны местных властей и активно реализовывались. Конфискация имущества казахских баев стала началом политических репрессий, обернувшихся национальной трагедией. Политика преследования состоятельных слоев населения, рассматриваемых в качестве «чуждых элементов», осуществлялась планомерно. В данной статье, опираясь на архивные данные, мы стремились объективно раскрыть эти трагические страницы истории.

В статье на основе архивных данных анализируется процесс конфискации имущества казахских баев в Семипалатинском округе в 20–30-е годы XX века, а также жалобы местных баев, направленные в соответствующие органы в попытке защитить свои права.

Ключевые слова: округ, кампания, декрет, бай-кулак, конфискация, жалоба, репрессии, коллективизация.

T.A. Kariyeva¹, Z.K. Mukataeva^{2*}

¹Non-profit Joint Stock Company "L.N. Gumilyov Eurasian National University"
Chief Researcher at the "Otyrar Kitaphanasy" Research Center Candidate of Historical Sciences
Kazakhstan, Astana

e-mail: totykariyeva2025@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-1814-4208>

²NCJSC "Shakarim University" Senior Lecturer Candidate of Historical Sciences
Semey, Kazakhstan

e-mail: zauremukataeva4@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0008-9604-8477>

CONFISCATION OF KAZAKH BAIS – A PREREQUISITE FOR THE POLICY OF FORCED COLLECTIVIZATION IN KAZAKHSTAN

Abstract

In the 1920s and 1930s, the policy of confiscating "bai" (wealthy) households and the forced collectivization of the peasantry took on a massive scale across the territory of Kazakhstan. Complaints received by the party executive bodies of the Soviet government point to numerous methods of depriving property, which was a source of livelihood, as well as the facts of violence committed. The complaints and statements contained in the archival documents of the party executive bodies of the Soviet government testify to the facts of the violent destruction of the traditional economic system of the Kazakh people, repressive methods of confiscation of property and mass violence. The forced liquidation of large Kazakh wealthy people as a class is a manifestation of the government's pre-planned ideological policy. As a result, this administrative measure created the prerequisites for widespread movements and protests against the policies of the Soviet government in the regions of Kazakhstan. Such repressive measures as mass arrests, searches, classifying the population as "kulaks" and "Bay elements," forcible seizure of livestock and confiscation of property, were supported by local authorities and actively implemented. The confiscation of the Kazakh bays' property was the beginning of political repression, which turned into a national tragedy. The policy of persecution of the wealthy segments of the population, considered as "alien elements", was carried out systematically. In this article, based on archival data, we tried to objectively reveal these tragic pages of history.

The article analyzes the process of confiscating Kazakh rich people in the Semipalatinsk district in the 20s-30s of the XXth century, as well as the complaints sent by local rich people to the relevant authorities in defense of their rights, based on archival data.

Keywords: district, campaign, decree, rich-kulak, confiscation, complaint, repression, collectivization.

Кіріспе. Отандық тарихнамада 1920-1930 жылдардағы әлеуметтік-саяси өзгерістер, әсіресе, байлар мен жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу науқаны әлі де толық зерттеуді қажет ететін, күрделі мәселелердің бірі болып қала береді. Бұл тарихи кезең қазақ қоғамындағы дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымын күштеп өзгертудің, сондай-ақ жаппай қуғын-сүргіннің бастауы ретінде ғылыми негізде жан-жақты зерделеуді талап етеді.

XX ғасыр басындағы ұлтына қорған болған, дәулетін ұлт игілігіне жұмсаған қазақ байларының тағдыры билікке Ф.Голощекин келгеннен кейін өзгеріске ұшырап, дәстүрге негізделген қазақ қоғамының жүйесі жаңаша сипат алды. Ф.Голощекиннің алға қойған мақсаты "ұлттық мүддені, елдің экономикалық ерекшелігін ескере отырып, жұмыс жасауды ұсынған ұлт коммунистерінің белсенді бөлігін биліктен ығыстыру болса, екінші бір көздегені Алашорда құрамында болған қазақ оқығандарын партия басшылығындағы жауапты қызметтерден қуу болатын" [1, 52]. Қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу, олардың негізгі

күнкөріс көзі болып саналатын шаруашылық активтерін түрлі әдістер арқылы күштеп тартып алу науқаны ауыл халқының әлеуметтік-экономикалық күйреуіне әкеп соқты. Бұл үдерістің салдары Кеңес өкіметінің жергілікті партия ұйымдарының жиналыс хаттамаларында, сондай-ақ кеңес мекемелеріне жолданған арыз-шағымдарда көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 “Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы” жарлығына сәйкес Семей қаласы әкімдігі жанынан саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия мүшелерінің алдында Кеңес өкіметінің репрессиялық саясатының құрбаны болған қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру міндеті қойылған болатын. Осыған орай, аталған комиссия құрамында орындаушы ретінде Семей округі аумағындағы кәмпескеленген ірі байлардың қайғылы тағдырын зерттеуге қатысты құнды архивтік деректер анықталып, ғылыми қолданысқа ұсынылды. Комиссия анықтаған тың деректерді ғылыми айналымға енгізу, қазақ байларын тәркілеу, олардың тағдыры мен трагедиясы туралы көптеген тарихи мәселелерді жаңаша бағамдауға мүмкіндік берді және бұл бағыттың терең ғылыми зерттеуді талап ететінін айқын көрсетті. 1920-30 жылдардағы тарихи үрдістерді, оның ішінде ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеуді, ірі байларды бүтіндей бір отбасымен жер аударуды және тәркілеу науқаны барысында орын қалған заң бұзушылықтарды зерделеу маңызды.

Қазақ байларының репрессияға ұшырау тарихын және олардың халықтық қасіретін, репрессия тарихын және оның салдарынан туындаған ұлттық трагедияны зерделеу басты нысан болмақ. Ұлттық трагедияның мәні, қазақ байларын тәркілеу ғана емес - ол жай ғана мүлік бөлінісі емес, ұлттың экономикалық дербестігі мен әлеуетін нысанаға алған, жоспарлы соққы болды. 1928 жылғы тәркілеу науқаны дәстүрлі қазақ қоғамының тіршілігін шайқатты. Дәстүрлі шаруашылықтың күйреуі елді алапат аштыққа әкелді. Мал-мүліктен айырылған ауылдар күнкөріссіз қалып, бұл соңында миллиондаған жазықсыз адамның өмірін қиған, халықтың рухын жасытқан, “Ашаршылық” трагедиясына ұласты. Халықтың тіршілік көзінен айыру - ұлттың жойылу қауіпін туғызды. Өкімет ұлттық элитаны жоюды көздеді. Қазақ елінде байлар тек дәулет иелері емес, елдің сөзін ұстаған, мектеппен медресе салдырған, өнер мен білімге демеуші болған меценат тұлғалар еді. Оларды тап ретінде жаппай жою ұлтты рухани жетімдікке және мәдени тоқырауға алып келді. Текті отбасылар жер аударылып, атылды, қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл халықтың табиғи өсімі мен ұлттық бірегейлігіне орасан зор нұқсан келтірді. Осы кезең қазақ тарихындағы ең ауыр беттердің бірі болды. Осы қасіреттің зардабы әлі күнге дейін ұлттық жадымызда жаңғырып тұр.

Кеңес өкіметінің бай-кулактардың шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі саясаты қазақ халқы үшін ең ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптарға алып келді. Өйткені ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы қазақ қоғамының шаруашылық жүйесінің негізі саналған. Бұл саясаттың нәтижесінде дәстүрлі мал шаруашылығы жүйесі күйреп, халықтың әлеуметтік құрылымына орны толмас нұқсан келтірілді.

Зерттеу әдістемесі. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда ауқатты шаруалар мүлкін тәркілеу және мәжбүрлі ұжымдастыру саясаты жүргізілді. Кеңестік мемлекеттік және партиялық құрылымдарға келіп түскен эпистолярлық құжаттарда (жазба өтініштерде) халықтың тіршілік көзі болған мал-мүлкін тәркілеудің әртүрлі әдістері, сондай-ақ осы процесте орын алған зорлық-зомбылық элементтері көрсетілген. Деректер өкіметтің әлеуметтік-экономикалық бағыты негізінен ірі қазақ байларын тап ретінде жоюды көздеген мақсатты саясатын айғақтайды. Бұл Қазақстандағы қарапайым халықтың кеңес билігіне қарсылықтың күшейюіне түрткі болды.

Зерттеу үдерісінде қарастырып отырған тақырыпқа байланысты тарихи материалдар жинақталып, жүйеге келтірілді, деректанулық тұрғыда талдаудан өтті. Байларды қудалау және олардың дүние-мүлкін тәркілеуге қатысты архивтен алынған материалдар салыстырыла зерделенді. Байларды саяси қуғын-сүргінге ұшыратуға байланысты билік органдарының асыра

сілтеу саясаты, жазықсыз кедей адамдардың байлардың тізіміне еніп, қудаланғаны айқындалды.

Тарихилық және объективтілік қағидаттары зерттеліп отырған кезеңнің нақты тарихи жағдайларын ескеруге, сондай-ақ талданып отырған материалдар мен деректерге сын көзбен қарауға жол ашты. Архивтік деректерді кешенді талдау барысында жалпы ғылыми таным принциптері мен арнайы тарихи зерттеу әдістерінің жиынтығы басшылыққа алынды. Зерттеу барысында ілгерідегі ізденістер негізінде, аймақтық деңгейде әлі де болса, жүйеленбеген тың архивтік деректерді жинақтау, талдау, қорыту әдісі кеңінен қолданылды.

Материалдарға сипаттама. Зерттеудің деректік базасы ретінде өңірлік және республикалық архив қорында сақталған құжаттар пайдаланылды. Мәселен, Семей өңірінде жүргізілген бай шаруашылықтарын жою жөніндегі саяси компанияның сипатын ашу үшін Семей қаласындағы Абай облыстық Мемлекеттік архиві (АОМА) 74-қор “Жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары кеңесінің Семей округтік атқарушы комитеті”, 3-қор “Бүкілодақтық Коммунистік партияның (большевиктер) Семей округтік комитеті өкілдерінің есептері, партия жиналыстарының хаттамалары мен үзінділері, Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ Өлкелік Атқару Комитетінің ірі байларға тиесілі мүлікті тәркілеу туралы жарлығы бойынша жүргізілген түсіндірме жұмыстары туралы жеделхаттар және өкілетті өкілдердің тізімдері”, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архив (ҚР ОМА) қорындағы 5-қор, 135-қордың “ҚазКСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы бай-жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу және жер аудару жөніндегі орталық комиссия материалдары”, Қазақстан Республикасы Президент архивінің (ҚР ПА) 141-қор “Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне: ҚазКСР бойынша бай мен жартылай феодалдардың мүліктерін кәмпескелеу туралы есебі” материалдары зерттеу жұмысының бағыт-бағдарын айқындап, ғылыми маңызын күшейтті.

“Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия” жұмысының барысында ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қоғамдық саяси ахуал –Қазақстан тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі мемлекеттік зорлық-зомбылық пен әлеуметтік күйзелісті күшейткен фактор ретінде терең талдауды қажет ететіні айқындалды. Зерттеліп отырған мәселе саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау қағидаттарына негізделіп, тарих ғылымының маңызды мәселелері тұрғысынан бағамдалды. Бұл уақытта кеңестік биліктің орнауы, күштеп ұжымдастыру, байлардың мал-мүлкін тәркілеу, саяси қуғын-сүргін, әлеуметтік құрылымның түбегейлі өзгеруі және қоғамның идеологиялық тұрғыдан қайта жасақталуы сияқты үрдістер құжаттар топтамасындағы дерек көзі болып табылады. Бай-кулактардың дүние-мүлкін тәркілеу, ауылды кеңестендіру саясатының салдары ашаршылық, халық санының күрт азаюы, т.б. мәселелер Берік Әбдіғалидың редакторлығымен шыққан құжаттар жинағында көрініс тапқан [2]. Аймақтық деңгейдегі “Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX века)” [3] құжаттар жинағы зерттеу жұмысының деректік маңызын арттырып отыр. Зерттеу барысында тәркілеу науқанына қатысты құжаттар жинағының материалдары қолданылды. Аталған жинақтарда бай-кулактарды тап ретінде жою және кеңестік биліктің бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы қаулыны жүзеге асыру кезіндегі қазақ ауқаттыларының жекелеген өкілдерінің қасіретті тағдырлары баяндалған.

Талқылау. Кеңестік тарихи методология байларды, ауқатты шаруашылық иеліктерін тәркілеу үдерісін идеологиялық парадигма шеңберінде талдауға негізделді. Аталған мәселенің зерттелу деңгейіне кешенді талдау жүргізу күрделі, өйткені қазақ байларын жою, олардың мүлкін тәркілеу мәселесі ұзақ уақыт бойы жабық тақырып ретінде қарастырылып келді. Байларды тап ретінде жою саясаты бұл мәселенің жаңа әдіснамалық тұрғыдан зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілуіне мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде тарихи деректерді объективті талдауға және қайта қарастыруға жол ашылууда. Отандық тарихнамада 20-30 жылдардағы ұжымдастыру мен тәркілеу саясатының зардаптарын ғылыми-тұжырымдамалық тұрғыдан пайымдауда профессор Т.Омарбековтың зерттеулері айрықша маңызға ие және деректік тереңдігімен ерекше [4]. Ғалым алғашқылардың бірі болып бұрын жабық болған архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы кеңес өкіметі саясатының салдарын

кешенді түрде зерделеді. Қазақстандағы тәркілеудің алғышарттары оны жүзеге асыру барысы С.А. Жакишеваның зерттеуінде талданды [5]. С.Жакишева бай-кулактарды жою, олардың әлеуметтік портретін және көшпелі өмір салтындағы ауқатты шаруа қожалықтарды жазалау шараларын жаңаша методологиялық ізденістер тұрғысынан зерделеді. “Қазақ қоғамында орталықтан жүргізілген репрессиялық шара ретінде бай шаруашылықтарын тәркілеу арнайы жоспар (сценарий) бойынша жүрді” – дейді [6, 83]. Кеңес өкіметінің саясатымен келіспейтін әлеуметтік топты жоюға ұмтылу Қазақстандағы аграрлық модернизацияның ерекше сипаты болды деп пікір білдірген ғалымдар да бар. Аталған кезеңдегі құжаттарды талдау нәтижесінде авторлар халықтың бұл санаты әлеуметтік, экономикалық және құқықтық кемсітушілікке ұшырады, дауыс беру құқығынан айырылды, өз жерінде жұмыс істеу құқығынан айырылып, тәркіленген мүлкі колхоздың пайдасына шешілді деген қорытындыға келді [7]. Қазақстандағы тәркілеу саясаты көшпелілердің мәдени, экономикалық өміріне жасалған шабуыл болды және бұл тек байлардың ғана емес, олардың туыстарының да кедейленуіне алып келді [8, 152].

Жалпы алғанда, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ даласындағы Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты, бай шаруашылықтарын тәркілеу саласындағы зерттеулердің болғанына қарамастан, бұл процестің әлі де зерттеуді қажет ететін тұстары бар екенін аңғаруға болады. Бүгінгі күні жаңа позиция тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік беретін бұрын белгісіз болған архив деректерін ғылыми айналымға енгізілуде, осы арқылы тарихи үдерістерді неғұрлым терең, әрі объективті тұрғыдан қайта қарастыруға жол ашылуда.

Нәтижелер. 1928 жылы 30 тамызда “Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылдың 27 тамыздағы “Ірі бай шаруашылықтардың және жартылай феодалдардың мал-мүліктерін тәркілеу және жер аудару туралы қаулысын қолдану жөнінде” нұсқаулық жарияланды. Осы ережеге сәйкес қазақ даласында ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу қарқынды түрде (1928 жылдың 5 қыркүйегінде басталып, 1 қарашада аяқталды) жүргізілді. Осы қаулыға сәйкес жергілікті халық арасында ұлтаралық және руаралық араздықты белсенді түрде күшейтіп, шаруалар қауымын экономикалық кіріптарлықта ұстап, өлкенің экономикалық және мәдени дамуын тежейді [9, 68]. Осы жылдың 5 қыркүйегінде Бүкілодақтық коммунистік өлкелік партия комитетінің “Қазақстанның барлық еңбекшілеріне” үндеуі жарияланды. “Үндеудің ...” өзінде, баспасөз беттерінде және аудандық ұйымдастыру бюролары мен ауылдық кеңес төрғаларына жіберілген хаттарда кеңес өкіметінің бұл шарасы тек қана халық мүддесі үшін жүзеге асырылды деген ой табанды түрде айтылды. Кедейлерді байларға қарсы күресуге итермелей отырып, билік “халықтың арасында оларға деген жалпы өшпенділік тудыруға тырысты” [10, 22]. Ауылдарда үлкен таптық жіктелу болып жатыр, еңбекшілердің қоғамдық белсенділігі өсіп, өздері “тап жауы” деп қараған ірі байлар мен жартылай феодалдар мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына белсенді қарсылық білдірген. Бұл ретте аталған әлеуметтік топтар Кеңес өкіметінің құрылымындағы өз орнын айқындауға қол жеткізді. Бұл таптық іс-шараларға қарсылықтың болатыны сөзсіз [11, 58].

Тұрақты билікті орнатқан өкімет қазақ қоғамын ыдыратудың бір әдісі - ең алдымен қазақ байларын тәркілеу еді. Қазақтың байы бір отбасының ғана емес, бір әулеттің асыраушысы, ауылдың берік қалыптасқан имунитеті болатын. Жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Дәстүрлі қалыптасқан қазақ қоғамындағы байлардың рөлін түсінбеген кеңестік билік “бай-кулактарға қарсы” үгіт-насихат жұмысын күшейтіп, “байларды” тап ретінде жою керек екендігі өкімет саясатынан (ауылды кеңестендіру, шабындық және егіндік жерлерді бөлу, ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу) анық көрініп тұрды. Қазақ байларын тәркілеуде кеңестік билік елдің экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертуді, жеке шаруашылықтарды жоюды және колхоз бен совхоз жүйесін енгізуді көздеді. Бұл Қазақстандағы ауылшаруашылықты күшпен ұжымдастыру саясатының бастамасы болды.

1928 жылы маусымның 21-інде Қазақ Орталық Атқару Комитетінің (КазОАК) “Қазақстанның барлық еңбекшілеріне үндеуі” жарияланады. Бұл үндеуде ірі байлардың мүлкін тәркілеу және оларды жер аудару шарттары көрсетілген [4, 94]. Қазақстан Орталық Атқару

Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы “Ірі бай шаруашылықтар мен жартылай шаруаларды тәркілеу және жер аудару туралы” декреті қазақ даласына үлкен қасірет әкелді. Декретке сәйкес, байларға көшпелі аймақтарда ірі қараға шаққанда 400-тен астам малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы бар, отырықшы аудандарда 150-ден астам малы барлар және бұрынғы хандар мен сұлтандардың ұрпақтары жатқызылды [12, 46]. Мәселен, “Декрет Семей губерниясы аумағында жүзеге асырылған кезде, ата тегі аға сұлтан болған, Абайдың ұлы Тұрағұлдың жер аударылғандар тізімінде: “ықпалды рубасы, атқамінер, зор беделге ие күшті атақты рудан шыққан, алдын ала мәліметтер бойынша, ірі қараға шаққанда 20 бастан астам малы бар” деген тұжырыммен енгізілген. Тұрағұл 9 адамнан тұратын отбасымен Сырдария округіне жер аударылған. Ол 1929 жылдың 25 қаңтарында Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетіне жазған шағым арызында, өзінің жер аударуы заңсыз екендігін көрсетіп, Декретке сәйкес ірі қараға шаққанда 300 бастан артық малы барлар ғана жер аударылуға тиісті екенін жазады. Шын мәнінде, ол ұлының шаруашылығын қосқанда, бар болғаны ірі қараға шаққанда 39 бас мал ғана тәркіленгенін көрсетеді. Бұл оқиғалар тәркілеу науқанындағы заң бұзушылықтардың және саяси астардың басым болғандығының айқын дәлелі [2, 720]. Болыс басқарушысы, рубасы болған Мұсатай Молдабаевқа жалған жала жабылып ру аралық алауыздықты қоздырды және контрреволюциялық әрекет жасады деп айып тағылған [3, 92].

Тәркілеу науқаны үдей түсті. “Байды ұста” деген тапсырманы “кедейді де қамтыған” деңгейге жеткізген шолақ белсенділер бай-кедей деп бөлмей, қолына түскеннің бәрін тәркілеуге көшті. Шолақ белсенділер бай малын тәркілеп қана қойған жоқ, олардың үй жайын, тұрмыстық жағдайын, үстіндегі киімімен ас-ауқатын да тартып алды. Байлардың артында қалған ұрпақтары не жейді, олардың еш қамқорлықсыз қалуы ешкімнің бас ауыруына себеп болмады. Қолындағы барынан айырылған ауқатты халық қол қусырып қарап отырмады. Билікке қарсы өздерінің наразылықтарын халық көтерілісі түрінде және құжат (арыз, шағым) түрінде білдіріп отырды. Бірақ, Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі сол жылдың 17 қазанында “Жартылай феодал ірі байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсылығы үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы” қаулы шығарады. Соған қарамастан, жергілікті халықтың кейбіреулері бай адамдар санатына жатқызылып, тізімделіп кеткендер де өз наразылықтарын білдіретін мәлімдеме жасады: малдарын туыстарына таратты немесе сатып жіберді; жер аудару туралы шешімге қарсы түрлі жолдармен шағымданды; шаруашылықтарын жер аудару белгілеріне қате жазғанын дәлелдеуге тырысып бақты; қолдағы малдың саны декретте көрсетілген нормаға сәйкес келмейтіндігін көрсетті. Түптеп келгенде, билік немқұрайдылықпен қарап, бұл дәлелдер жалған деп танылды. Бай-кулактарды қудалау кезінде қазақтың дәстүрлі отбасында бұрын соңды болмаған “ажырасу” деген сияқты жат қылықтың тіркелгендігі туралы мәліметтерді кездестіруге болады.

Жергілікті партия органдарының баяндамалары тек бай-кулактарға ғана емес, сонымен қатар орта шаруаға, тіпті кедейлерге де қатысты сыбайлас жемқорлықтың нысандары, заң бұзушылықтар, тонау фактілері туралы куәландырады. Мысалы, 1928 жылдың тамызында РСФСР Жоғарғы сотының Қазақ бөлімшесінің төрағасы Бекбатыров Семейдегі заңдардың жаппай бұзылуы туралы қазақ өлкелік комитетіне жасаған баяндамасында орта шаруалардың мүлкі тәркіленіп соттау жағдайлары болғанын нақты көрсетеді. Бұл құжатта Б. Нұрғазиевта 35 бас ірі қара және 19 қошқар бар болса, одан 20 бас ірі қара, 10 қошқар тәркіленді. Азамат Г.Закешевте 10-ға жуық мал басы болды, оның 3-еуі тәркіленді. З.Мұстафинде 25 бас мал болған, іс жүзінде барлық мал тәркіленген [2, 241].

1928 жылдың 30 тамызда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы “Ірі бай шаруашылықтардың және жартылай феодалдардың мал-мүліктерін тәркілеу және жер аудару туралы қаулысын қолдану жөніндегі” декретін негізге ала отырып, ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына сәйкес көшірілуге тиісті адамдарды қоныстандыру, аудандарын анықтау туралы Қазақстанның жекелеген округтерінен басқа аймақтарға жер аударуды төмендегі тәртіппен жүргізген: Жетісу,

Сырдария округінен Орал округіне, Орал округінен Жетісуға, Гурьев округінен Петропавл округіне, Қарқаралы округінен Қостанай округіне, Семей округінен Сырдария округіне, Павлодар округінен Ақтөбеге, Қызылорда округінен Адай округіне, Ақмола округінен Гурьев округіне, Ақтөбеден Қарқаралы округіне, Қостанай округінен Семей округіне жер аударылды [9, 3]. Бұл қаулыны жергілікті атқарушы органдар орындауға міндеттелген. Оған дәлел, Семей округі бойынша 27 тамыздағы Декрет негізінде 66 шаруашылық жер аударылса, олардан 9 113 мал бас тәркіленген. Павлодар округінде 33 байдың мүлкі тәркіленіп, олардан 2 783 бас мал тартып алынған. Қарқаралы округінде сәйкесінше, 53 шаруашылық тәркіленіп, 12 702 бас алынды. Байларды тәркілеу науқаны барысында халықты мәжбүрлеп көшіру Қазақстанның әртүрлі аудандары арасында жүргізілді. Семей округінен Сырдария округіне ересек ер адамдар - 99, ересек әйел адамдар - 125, ер балалар (18 жасқа дейін) - 131, қыз балалар (18 жасқа дейін жасөспірімдер) - 101, барлығы 446 адам жер аударылған. Мурсалимов Заманбек, Әділов Иса, Үкібаев Қаражан отбасылары қауіп жағдайына байланысты елді мекеннен жедел түрде шығып кетуге мәжбүр болған. Жер аудару кезінде сырқаттанған 7 адам Семей округінде қалып қойған. Қостанай округінен ірі мал иелері отбасыларымен бірге Семей округіне көшірілді [13, 164]. Абай облыстық Мемлекеттік архив қорындағы деректе Семей округіне 357 адамнан тұратын 31 отбасы келгендігі жөнінде мәлімет бар. Аягөзге 3 отбасы 24 адамнан, Қызылтаңға 4 отбасы 35 адамнан, Бесқарағайға 5 отбасы 78 адамнан, Ұланға 4 отбасы 27 адамнан, Жармаға 5 отбасы 71 адамнан, Шыңғыстайға 2 отбасы 30 адамнан және Жана-Семейге 5 отбасыдан тұратын 71 адамды жер аударған [14, 22].

Декретке наразы халық өздерінің арыз-шағымдарын Орталық Атқарушы Комитетке жолдап отырған. Солардың бір бөлігі Жетісу губерниясы, Лепсі уезі, Мақаншы болысы, Барлық ауылының тұрғындары: Шалаков Бесенбай, Бұлғақов Теміржан, Кесекпаев Есімхан, Ежембаев Ақылбай, Баймолдин Раис, Езеков Алмабай, Домалақов Нүсіпжан, Абдулов Бұламбай, Әбдікәрімов Ілияс т.б. Өтініште, 1928 жылы Семей округіне қарасты Бахты кеденінде тұрғындардың малын кәмпескелегені және сол уақыттағы халықтың тұрмыс тіршілігі туралы айтылады [15, 63].

Тәркіленген бай-кулактардың дүние-мүлкінің 60-70 пайызы байырғы (қазақ) халықтың кедей шаруашылықтарына берілді. Көшірілген малшылардың ұйымдасқан шаруашылықтарының негізінде ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) құру көзделді, онда бұрын аталған шаруашылықтарда жұмыс істеген шаруа қожалықтары мен кедейлерді тарту жоспарланды. Тәркіленген мүліктің қалған бөлігі колхоздар мен совхоздарға, ал ең құнды асыл тұқымды мал – жер органдарының асыл тұқымды шаруашылықтарына және жергілікті ауылшаруашылық оқу орындарына берілді [12, 4-7].

1928-1930 жж. қазақ елінде ұжымдастыру жылдам қарқынмен жүргізіліп, байлардың иелігіндегі жер мен мал шаруа-кедейлерге бірден бөлініп берілді. Бұл билік үшін мемлекеттегі экономикалық айырмашылықты реттеуге жасалған алғашқы қадам еді. Күштеп ұжымдастыру кезінде көптеген сорақылықтарға жол берілді. Мәселен, Еңбекші қазақ ауданынан Орал округіне жер аударылған Жүнісбай Сырғабай ұлынан түскен арызда саяси репрессияның ауыр зардаптарына ұшыраған. Оның халық мүддесін қорғауға бағытталған қоғамдық-саяси қызметі салдарынан, оның бір туысы (інісі) саяси үкіммен ату жазасына кесілген, ал екінші туысы (інісі) солардың ұрып-соғуынан мүгедек болып қалған [16].

Малдарын зорлықпен тартып алып, малды өз иелерінің союына да тыйым салынды, егін екпейтін аудандардан тұқымдық астық жиналды, мал иелеріне малдарын басқаға сатуға рұқсат берілмеді, ал кімде кім бұл тәртіпті бұзатын болса, оның сататын малы табанда кәмпескеленді. Тағы бір сорақылық: өмір бойы негізінен мал шаруашылығымен айналысып келген қазаққа табан астында қисапсыз көлемді жерге «егін ек!» – деп ақылға сыймайтын бұйрық беруі еді.

Қазақстандағы ауылды кеңестендіру және таптық жіктеу саясатының жүзеге асырылуы туралы Қазақ атқару комитетінің төрағасы Е.Ерназаровқа кандидаттық топтың хатшысы Құрқышевтің жасаған баяндамасында: "Мен Архат ауылында 1928 жылдан бері тұрып келемін. Сол уақыт аралығында мен кейбір ауқаттыларды анықтадым. Солардың бірі

кооперация мүшесі Рахым Күзембаевпен жүргізілген күрес еді». Партиялық белсенділердің пікірінше, кооперативтер ресми түрде еңбекші шаруаның мүддесін қорғау керек болса да, іс жүзінде оларды бай-кулактар бақылаған. Бұдан ұжымдастыру саясатына көшудің және бай-кулактарды тап ретінде жою науқанының идеологиялық негіздемесі десек, қателеспейміз. 1925-1928 жылы кооперация мүшесі болған Р.Күзембаев меншігінде 10 бас малы бар орта шаруа болған. Бірақ қызметке тұрған Р.Күзембаев иелігіндегі мал басының саны бірден 100-ге жеткен. 1930 жылы ол өкімет тарапынан бай-кулак деп танылып, кейіннен малы тәркіленіп, сайлау құқығынан айырылған [17, 67]. Бұл да күмән тудыратын жағдай. Меншігінде малы жоқ адамның бірден малы өсіп, бай қатарына жатқызылуы өкімет саясатының әділетсіздігін, қателіктерін және таптық жіктеудегі қарама-қайшылықты көрсетеді.

Абыралы ауданының ауылдарынан ет даярлау жоспарын орындауда өкіметке мал өткізуге наразылық көрсеткен орта-шаруалардың арыз-шағымдары тіркелген. Мәселен, Х ауылдың тұрғыны Тайман Құнанбайұлының қолындағы бар малы ұжымдастыру кезінде колхоздың бөлінбейтін қорына өткізілсе де, ауқатты шаруашылық ретінде танылған отбасының ет тапсыру міндеттемесінен босату өтініш-арызы тіркелген [17, 5].

Архив қорында сақталған құжатта Абыралы ауданының бір ғана (№5) ауылынан барлығы 12 адамнан арыз шағым түскен. Төмендегі кестеден арыз берушілер және оларға ет дайындау науқаны негізінде алдын ала жоспар бекітіліп, мал өткізу міндеттемесі берілген:

№1 таблица

№	Арызданушылар	түйе	жылқы	сиыр	қой	қозы	ешкі	салық
1	Ахмет Әлменұлы		1	2	34			
2	Баймағанбет Аяғанұлы		1	2	34			
3	Айтқазы Айдарұлы		1	3	31			
4	Омар Сәрсенбайұлы	2	16	1	24		10	
5	Серғазы Айдарұлы	иелігінде малы болмасада колхозға мал өткізуді міндеттеген						
6	Бекмағанбет Ерубайұлы	1	30	5	46		1	1 сиыр, 7 қой
7	Сағындық Табанұлы		1	5	8			
8	Кейік Бейсек әйелі	барлық малы тәркіленген						
9	Ахмет Исмағұлұлы		10	2	42		4	
10	Ыдырыс Ақбайұлы							
11	Зейнеп Бижатай әйелі	1	4	1	5		9	
12	Оспанбек Тұрғанбекұлы	1	13	2	13	6		4 сом, 15 тиын

Кестеде Абыралы ауданының (№1, №2, №3, №4, №5) ауылдарының тұрғындары өздерін байлар қатарынан алып тастауды сұрап, өтініш жасағандардың тізімі: (шаруалардың аты-жөндері, қолындағы бар мал саны және олардың жоспарлы түрде өкіметке өткізетін мал саны нақты көрсетілген):

№2 таблица

Ауыл	Арыз беруші	Барлық мал саны	Берілген жоспар
1-ауыл	Ақымедей Алтайбайұлы	6 жылқы, 3 сиыр, 82 қой, 39 ешкі	3 сиыр, 53 қой
	Селқан Ақтайұлы	20 жылқы, 3 сиыр, 53 қой, 5 ешкі	3 сиыр, 34 қой
	Қарабай Жалыбайұлы	52 қой, 14 жылқы, 10 сиыр, 4 ешкі	8 сиыр, 27 қой

2-ауыл	Қасен Баратұлы	23 жылқы, 3 сиыр, 58 қой, 28 ешкі	4 сиыр, 30 қой
3-ауыл	Ағымтай Жұдырықұлы	66 қой, 2 ешкі, 12 жылқы, 5 сиыр	3 сиыр, 27 қой
4-ауыл	Қасымжан Мәукебайұлы	30 қой, 32 ешкі, 8 сиыр, 13 жылқы	10 қой, 4 сиыр
	Төлеуқожа Жанұзақұлы	5 сиыр, 19 жылқы	5 сиыр
	Жексенбай Құрманқожақұлы	47 қой, 4 ешкі, 5 сиыр 1 түйе, 17 жылқы	15 қой, 4 сиыр
	Әбділдә Төлепбергенұлы	32 қой, 12 ешкі, 5 сиыр, 2 түйе, 9 жылқы	10 қой, 2 сиыр
	Төлеберген Жалпақұлы	52 қой, 12 ешкі, 4 сиыр, 24 жылқы, 2 түйе	74 қой, 3 сиыр
5-ауыл	Қасымжан Сайғақұлы	4 жылқы, 5 сиыр, 102 қой	2 сиыр, 80 қой.
	Мұсабек Ғаныбекұлы	17 жылқы, 1 түйе, 38 қой	10 сиыр, 20 қой

Ал бұл құжатта Шыңғыстау ауданының Қарауыл, Қапак, Қаражартас, Құндызды, Мұқыр, Күлмен тағы басқа ауылдарынан тәркілеуге ұшыраған бай шаруалардың арыз-шағымдарының тізбесі берілген. Тізбедегі адамдар байлар қатарына жатқызылып, өздеріне берілген жоспарды орындай алмағандықтан мал-мүлкі тәркілеуге ұшыраған [18, 75].

Төменде тәркілеу науқанына қатысты кесте берілген. Кестеде Шыңғыстау ауданына қарасты әкімшілік бөлініс негізіндегі ауыл тұрғындары есепке алынған. Ірі және орта шаруашылықтардың “бай” ретінде тізімделіп, олардан міндетті салық (ет, астық тапсыру) талап етілген айғақтайтын құжат. Тізімде “әйелінен”, “келінінен” деп берілуі - отағасы (бай немесе кулак ретінде) тұтқындалған, жер аударылған немесе атылған соң болуы керек, оның артында қалған мал-мүлкі толықтай жұбайына тіркелгенін көрсетеді:

№3 таблица

1	Қарауыл ауылы	Мағауия әйелінен
2		Зейнел Қадамбай әйелінен
3		Мәсен Қайрылбай әйелінен
4		Байу келінінен
5	Қарауыл ауылы	Төлеубай Кемебайұлынан
6		
7		Қасымхан әйелінен
8		Дәмеке Медетбай әйелінен
9		Кәбира Байрылбай әйелінен
10		Әзімбай әйелінен
11		Күлия Байшолоқ әйелінен
12		Жұмағалидан
13		Ерғали Әсендік ұлынан
14	Қапак ауылы	Злиха Сыдық әйелінен
15		Бастай Ахмет әйелінен
16		Әлия Уақас әйелінен
17		Жамал Жалықбас әйелінен
18		Рабиға Ықия әйелінен
19		Тілеу Айдарұлынан
20		Бибала Әділұлынан
21		Әлмағамбет Шүне әйелінен
22		Айтқазы Дулатұлынан

23	Ақтөбе ауылы	Байрақым Мыңбайұлынан
24		Бибі Алатау әйелінен
25		Бақыш Қожаған әйелінен
26	Қаражартас	Бәйділде Беркімбайұлынан
27		Ағапия Шайқислам әйелінен
28		Кенжетай Өлімқожа әйелінен
29		Мәкей Қапыр қатынынан
30		Мәзтөре Қабдолла әйелінен
31		Шағатай Әбдіүәли әйелінен
32		Ақылпейіш Нұрпейіс әйелінен
33		Мәтіш Өзімбай әйелінен
34		Күл-Жәмиле Бекқожа әйелінен
35	Орда	Садыбек Арыстанбекұлынан
36		Тікеш Қажымолда әйелінен
37		Жәкежан Өзбек әйелінен
38		Еркінбек Кәрішалұлынан
39	Құндызды	Шәкеннен
40	Күлмен ауылы	Әлия Жәнке әйелінен
41	Самай ауылы	Зере Бекіш әйелінен
42		Нәсіл Ақжан әйелінен
43	Мұқыр ауылы	Ыбрайым әйелінен
44		Райымбек әйелінен
45		Ғалия Қақабай әйелінен
46		Мәржан Қазен әйелінен
47	Қостанай ауылы	Айман Әубәкір әйелінен
48		Оспанқызынан
49	Күлмен ауылы	Ханымжан Бисатай әйелінен

Қазақ қоғамындағы бай мен кедейдің айырмашылығы мал санына тәуелді болғанын барлығымыз білеміз. Осы сәтте Кеңес үкіметінің “бай” деп таныған барлық қазақ шаруаларының шын мәнінде “шіріген бай” болғаны шындыққа жанаса ма деген сұрақ туындайды.

Тәркілеу және жер аудару науқаны барысында Қарақаралы уезінің Қу ауданы №3 ауылдың азаматы Нұрмақ Төкебайұлы дәулетті топ (байлар) санатына жатқызылып, мүлкі кәмпескеленген. Нұрмақ Төкебайұлы байлар қатарына жатқызылып, қорасындағы жалғыз малы 1 жылқысы мен 1 сиыры тәркіленіп, бұрынғы көшіп кеткен жері Егіндібұлаққа келуге рұқсат берілмейді. Бұл шешімге қарсы болған Нұрмақ Төкебайұлы Қу аудандық атқару комитетінің төрағасына арыз жазады. Соның нәтижесінде арызы қабылданып, мал-мүлігі қайтарылып, өз туған жеріне қайтып баруға рұқсат етіледі.

Қостанай округі Жетіқара ауданынан Семей округі, Аягөз ауданына жер аударылған Жақымбаев Беркімбайдан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М.Калининнің атына шағым-арыз түскен. Арыз мәтініне назар аударсақ, тәркілеуге жатпайтын жеке мүлікті (заттай және қаржылай) заңсыз тартып алған уәкілетті тұлғаның әрекетін тергеу және мүлікті қайтару мәселесі көтерілген. Тәркілеуге жатпайтын заттарды қайтару және оның іс-әрекетін толық тергеуді жүргізу туралы өкім беруді сұраған. Төменде аталған заттар: тозған кілем, самовар, бір ескі халат, бір кереует, 4 арба, бір арбаның ескі дөңгелегі, бір ескі тігін машинасы (289-ші 21-сериялы) және 133 сом, 50 тиын көлеміндегі облигациялар тәркіленген. Мәселенің заңдылығын қарап, тез арада әділ шешім шығаруды талап еткен. Бұған дейінгі мекемелерден жауап болмағандықтан Ж.Беркімбай ОАК Төрағасына тікелей шағымдануға мәжбүр болған [19, 57]. Бұл құжат 1928-1929 жылдардағы Кеңес өкіметінің тәркілеу саясаты мен жер аудару

процесінің салдарларын, сондай-ақ жеке азаматтардың өз құқықтарын қорғау үшін жоғары билік органдарына жүгіну тәжірибесін көрсететін бірегей тарихи дерек көзі болып табылады. Ол тәркілеу кезіндегі жергілікті уәкілетті адамдардың заңсыз әрекеттерін және орталық декреттер мен жергілікті атқару органдарының арасындағы қайшылықтарды дәлелдейді.

Жетісу губерниясы, Лепсі уезі, Мақаншы болысы, Барлық ауылының Бақты кеден бекетіндегі малдарды тәркілеу және сату туралы қаулысына наразылық білдірген 20 адамның шағымы тіркелген. Кеден Жарғысының (281, 282 баптар) талаптарына сүйене отырып, шағым Бас Кеден Басқарамасында қаралғанға дейін малдың сатылуына тиым салғанын хабарлайды. Бұл шағымданушылар мүддесін уақытша қорғауға бағытталған заңды қадам болғанын көрсетеді [20, 6]. Сонымен бірге, шекара маңындағы аудандардағы малдың кеден арқылы тәркіленуі немесе шетелге өтуі сияқты мәселенің болғандығын айғақтайды.

Шекаралық отрядтың еншісінде “Қытай шекарасын кесіп өткен” немесе “Қытай шекарасынан өткендіктен тартып алынған” малдарды қазақ кедейлеріне бөліп беру мәселесі туралы айтылса [20, 6], енді бірде құқық қорғау органы мен мемлекеттік әкімшіліктің (Кеден) заңсыз деп саналатын іс-әрекетіне шағымдану деректерін кездестіруге болады. Даулы мәселе: Қытай шекарасынан заңсыз өткізуге байланысты ұсталып қалған 537 бас қой малы. Барлық ауылының тұрғындары Н.Кеңеспаев, К.Такеновтың жоғарыдағы мәселе шешілгенге дейін Кеден бекетінде тұрған 537 қойды сатпай оларды қалдыру туралы өкім беруін және жергілікті органның (Бақты Кедені) іс-әрекетін тоқтата тұруды сұрап жазған шағымы басы ашық күйінде қалған [20, 26].

13 қыркүйек 1928 жылғы “Тәркілеуге қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапқа тарту және ірі, жартылай ірі феодалдарды көшіру” деп аталатын қаулы бойынша тәркілеуге наразылық танытып, жер аударылып кеткен қазақтардың өз Отанына қайтаруды сұрап, өтініш білдіргенін көруге болады. Сол байлардың бірі, Семей округінің тұрғыны Темірқан Бөженов болды. Ол 1928 жылғы декретке сай, өз туған жерінен Сырдария округі, Сарыағаш қаласына жер аударылады. Жалғыз өзі емес, кәмелет жасқа толмаған ұлы Қадырмен бірге жер аударылады. Алайда, көп ұзамай Темірқан Бөженов айдауда жүріп қайтыс болады. Жасөспірім ұлы қолдаусыз, жат жерде жалғыз қалады. Ол өзінің туған жері Семей округіне қайта оралуды сұрап, туған жерінде ағаларының бар екенін айтып, өтініш жазады. Өтініште, Қыдыр Темірқанұлының небәрі 15 жаста екендігі, айтылады. Әкесі қайтыс болғандықтан, оның орнына ұлының айдауда жүруі әділетсіздік екенін, өзінің аса қауіпті қылмыскер емес, жай ғана әкесінен айырылған жасөспірім екендігін айтады. Биліктің өзінің қиын жағдайына көңіл аударуын сұрайды.

Тағы да бір ауыр тағдырдың иесі Ибрахим Сейітжафар. Ол кісі 1928 жылғы декрет бойынша Сырдария округінен Орал округіне жер аударылған. Жаңа мекен-жайы Балықты ауылы болып бекітілген. Ол өзін тым болмаса нан тауып жей алатын басқа бір аймаққа ауыстыруын сұрап, өтініш жазады. Себебі, өтініште Ибрахим Сейітжафардың отбасы 7 адамнан тұратын, отбасының жалғыз асыраушысы өзі екенін айтады. Тәркілеуден кейін қалған 15 бас малдың жол мен тамаққа әрең жеткенін, қазір қолдарында тек бір сиыр мен бір жылқының ғана қалғанын айтады. Оралдағы құрғақшылық салдарынан нанның бағасының қатты өскенін баяндайды. Егерде жақын арада басқа округке ауыстырылмаса, отбасының аштықтан қырылып қалу қаупі бар екенін түсіндіреді. Сонда, Ибрахим Сейітжафардың сұрап отырғаны тек қолжетімді нан таба алатын, басқа ауданға жер аударуды өтініп сұрауы. Яғни, бай деп тізімге енгізілгендердің тек өздерін ғана жер аударып ғана қоймай бүкіл отбасымен бірге туған жерін тастап кетуге мәжбүрлегені айқындалып отыр [17, 18]. Кеңес саясатының адамгершілікке жат әрекеттерін айқын көрсететін құжат. Ол тәркілеудің тек мал-мүлкін тартып алумен ғана шектелмегенін, сонымен өмір сүруге қажетті ең төменгі жағдайлардан айыруды білдіретінін көрсетеді. Бұл мәтін тарихи зерттеулердегі қуғын-сүргін құрбандарының ауыр тағдырын айғақтайтын бағалы архивтік дерек болып табылады.

Байлар қатарына қосылып, жер аударылғандар қатарында Нұрақаев (Нуракаев құжатта осылай берілген – К.Т.) Хамурбекте болған. Ол кісі 1928 жылғы декрет бойынша Шымкент қаласынан, Оралға жер аударылған. Байларды тәркілеу процесінде 127 ірі қара малы тартып алынған. Өзінің байлар қатарына қосылуының өзі әділетсіз деп санайды. Себебі, барлық мал-

мүлік баласы Ибраимге тиесілі екенін, өзінің ұлының қамқорлығында өмір сүрген 64 жастағы денсаулығы сыр берген қария екенін айтады. Сондықтан да, 6 айға бара жатқан жер аудару үлкен кісі үшін өте қиындық тудырған. Нұрақаев Хамурбекте өзі жалғыз ғана емес, отбасымен бірге жер аударылған. Отбасы 5 адамнан тұрады және отбасының жалғыз асыраушысы өзі ғана. Өтініште, жер аударуды тоқтатып, өз туған жеріне қайтуға рұқсат беруді сұрайды. Себебі, Оралда ешқандай жұмыс істеуге мүмкіндіктің жоқтығынан, өзі мен отбасы аштықта өмір сүруге мәжбүр болған. Сол үшін, Нұрақаев Хамурбек, өзінің жасы мен денсаулығын ескеріп, Отанына қайтаруды сұрайды. Өтініш 1929 жылдың 30 сәуірінде жазылған [17, 18]. Нұрақаев Хамурбек ісі - кеңес өкіметінің саяси шешімдерінің қателіктерін және оның адам тағдырына әсерін дәлелдейтін дерек.

1927 жылдың өзінде қарашада өткен VI Өлкелік партия конференциясы ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару жөнінде шешім шығарды. Бай шаруашылықтарын тәркілеу алдын-ала ойластырылған, қазақ халқының мүддесіне қайшы, алдына сан-салалы міндеттерді қойған саяси-әлеуметтік шара ретінде көрінеді. Ф.Голощекин өлкелік комитеттің II Пленумында берген есебінде “қазақтардың ұлттық сана-сезімі өсіп келе жатқандығы” және “ұлттық сана оянуының көзі – байлар” екенін айта отырып, қазақ халқының кедейленуінен большевиктер өкіметіне келер “еш қауіпке негіз жоқ” деген қорытындыға келеді. Ф.Голощекиннің шовинистік-нәсілшілдік сипаттағы осы сөздерінің өзі-ақ оның қазақ ауылын кеңестендіру, онда “Кіші Қазан төңкерісін” ұйымдастыру туралы “ой-жоспарларының” мәні мен мақсатын ашып көрсетеді.

Тәркілеу науқанының қарсаңында қазақ өлкелік партия комитетінің төрағасы Ф.Голощекин “Советская степь” басылымында жер-су реформасы дербес шара емес, алдағы жаппай тәркілеу науқанының алғышарты ретінде сипаттады. Оның пайымдауынша, бұл реформаның стратегиялық маңызы экономикалық өзгерістерде емес, ауыл қоғамының таптық жіктелуін жеделдетіп, бұқараның саяси идеологиясын қалыптастыру, сана-сезімін жетілдіру - деп жазды [21]. Сол кездегі қазақ халқы үшін қорадағы мал саны үлкен мәнге ие болғанын барлығымыз жақсы білеміз. Ол арқылы “бай” мен “кедей” тап деп ажыратылды. Кедей тап байлардың малын бағып күн көрді. Сауда да, тамақ та, байлық та қазақтар үшін мал санына байланысты болды. Бірақ 1928 жылғы декрет қазақ қоғамында қалыптасып қалған күнделікті тіршілік қағидаларын өзгертті. Қорасында азын-аулақ малы бар шаруалардың барлығы “бай” деп танылып, тәркілеуге ұшырады. Бұл халықтың тұрмыс деңгейін төмендетті. Ақыры соңында, бұл оқиғалар 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа әкеліп соқты.

Отандық тарих ғылымында ауқатты қазақ шаруашылықтарын тәркілеу және жеке меншіктен айыру науқанының жүзеге асырылуы, оның зардаптары жөнінде зерттеліп келе жатқан өзекті мәселенің бірі екендігі айқын. “Кіші Қазанның” ызғары қазақтардың қалыптасқан дәстүрлі көшпелі салтын жойып, күштеп ұжымдастыру және “қанаушы тап-байларды жою” арқылы қазақ қоғамын түбегейлі өзгерткенін тарихи деректер айғақтап отыр.

Байлардың малын тәркілеу “қайыршыланған” ауыл халқының өсуіне әкелді. Қазақстандағы ауқатты шаруа қожалықтарын тәркілеу мал шаруашылығының даму қарқынын тежеді. Қазақстанда большевиктер ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру тәжірибесінде тәркілеу науқанымен шектелмеді. Шаруа қожалықтарын біртіндеп, ерікті түрде кооперативтендіру арқылы социалистік ірі ауыл шаруашылық ұжымына біріктіру туралы 1927 жылы желтоқсанда өткен партияның XV съезінің шешімдерін жүзеге асыруға кірісті. Алайда, үкімет біртіндеп құрылып жатқан колхоздарға материалдық жағынан көмекті күшейту шарасының орнына, керісінше нұсқаулар беру арқылы күштеу әдістерінің кең етек алуына жол ашты. Орталық билік колхоз құрлысындағы өз-бетінше жүріп жатқан қозғалысты жоспарлы іс-әрекетке ұластырды. Үкімет органдарының жоспарлаған межелерін партия ұйымдары да қайта талқылады, соның нәтижесінде жоспардың өзі бірнеше рет өзгерістерге ұшырады.

Ресми идеология “байлардың малын кедейлерге бөліп беру” деп ұрандатқанымен, іс жүзінде малдың басым бөлігі мемлекеттік ет дайындау жоспарын орындауға жұмсалды. Тәркілеуден кейін мал шаруашылығын басқарудың ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесі жойылды, бұл жаппай қырылуға әкелді.

Қазақ өмірінің өзегі болған мал шаруашылығының тәркіленуі - халықтың тұрмыс деңгейін күрт төмендетіп, кедейленген ауылдардың көбеюіне және 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа тікелей жол ашты. 1927 жылғы XV съезіде жарияланған “ерікті кооперативтендіру” ұстанымы іс жүзінде мемлекеттік нұсқаулар мен әкімшіліктік күштеу әдістеріне ауысып, ұжымдастыру науқаны жоспарлы репрессиялық сипат алды. “Байларды тап ретінде жою” саясаты арқылы қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан ішкі құрылымы мен өзін-өзі қамтамасыз ету жүйесі түбегейлі талқандалды.

Қорытынды. Отандық тарих ғылымы анықтағандай, ірі байларды және олардың дүние мүлкін тәркілеу қазақ халқына үлкен апат әкелді. Мал басының азаюы, дәстүрлі өмір салты мен шаруашылық жүйесін күйреткені және осы науқанның XX ғасырдың 30 жылдардағы алапат нәубеттің негізі болғандығы туралы тұжырымды ешкім жоққа шығара алмайды. Шаруашылықтың жалпы құлдырауы мен толық кедейлікке әкелетінін сезінген халық билікке ашық наразылық білдірді. Тәркілеу науқанының зорлық-зомбылыққа негізделген әдістер мен заңсыздықтарға жол беруі халық арасында байларға деген аяушылық пен қолдауды арттырды. Қуғын-сүргін саясатының жүргізілуі байлардың ғана емес, олардың туыстарының да жер аударылуына алып келді. Биліктің озбырлық әрекетінен қашқан қазақтар дәстүрлі өмір салтын бұзып, не туған жерін тастап кетуге, не билікке қарсы шығуға мәжбүр болды.

Зерттеу барысында қазақ байларының тағдырына қатысты бұрын беймәлім болып келген маңызды деректер жүйеленіп, өзекті қортындылар айқындалды.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Жарлығымен құрылған “Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау” жөніндегі мемлекеттік және өңірлік комиссиялардың жұмыс нәтижелері XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы ақтаңдақтар тарихы құпиясыздандырылған құжаттар мен деректер негізінде жаңа қырынан ашылары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: “Сөздік-словарь”, 2001. –130-б.
2. Ашаршылық. Голод. 1928-1934: докум, хроника, сб. докум. Т.1. 1928-1929 / отв. Ред. Б.Әбдіғалиұлы. – Алматы.: Атамұра, 2021. – 920 с.
3. Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 г. XX в). сборник документов. Ч.1./Сост.: Г.Т. Касымова и др. – Семипалатинск: Семипалатинский государственный университет имени Шакарима, 2002. - 250 с.
4. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 320-бет.
5. Политические репрессии в Казахстане в 20-50-е гг. XX века и проблемы реабилитации: Коллективная монография / Под общ. ред. Абиля Е.А. – Алматы: «Мадияр», 2023. – 1056 с.
6. Жакишева С.А. Элиминация байских хозяйств на рубеже 20-30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии. – Алматы: Қазақ университеті, – 2021. - 222 с.,
7. Сыздыкова А.М., Аманова А.С., Молдакимова А.С. Формирование протестных настроений в ходе компании по ликвидации байства и кулачества в Павлодарском Прииртышье / Отан тарихы. 2022. № 4, – 111-121 с.
8. Камерон С. Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана / Сара Камерон: авториз. Перев. с англ. А.Терещенко. – М.:Новое литературное обозрение, 2020. – 360 с.
9. АОМА 74-қор, 3-тізім, 7-іс. 68 пп.
10. Джумабеков Д.А., Козина В.В., Ныгметова Ж.Т., Саккулакова Ф.Д. 1920 жылдардың соңында Орталық Қазақстандағы байларды жою науқаны. Қарағанды университеті Жаршысы, 2024. 29, 4 (116), 18-30 бб.
11. ҚР ПА 141-қор, 1-тізім, 2874-іс.58 п.п
12. ҚР ОМА 5-қор, 1-тізім, 15-іс.46 п.
13. Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Шахаман З.Б. О действии постановления конфискации байских хозяйств 1928 г. в Костанайской области по архивным источникам. // Вестник КазНПУ, Серия «Исторические и социально-политические науки». 2017. – №4(55). – 163-169 с.

14. АОМА 74-қор, 3-тізім, 36-іс. 22 п.

15. АОМА 3-қор, 1-тізім, 25-іс. 63п.

16. Еспенбетова А.М., Байымбетова Н. Қазақ байларын тәркілеу және оның салдары (Ырғыз өлкесі материалдары бойынша) //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(61), 2019. – 36-40 бет.

17. ҚР ОМА 5-қор, 2-тізім, 420-іс. 67 п.п., 5 п.п., 18 п.п.

18. ҚР ОМА 5-қор, 12-тізім, 420-іс. 75 п.п.

19. ҚР ОМА 5-қор, 10-тізім, 690-іс. 57 п.

20. ҚР ОМА 5-қор, 9-тізім, 500-іс. 6 п.п., 26п.п.

21. Советская степь 1928. №243-244, 20-21 октябрь.

References:

1. Mahat D. The Tragedy of the Kazakh Intellectuals. – Almaty: “Sөздік-словарь”, 2001. – 130 pp.[in Kazakh].

2. Famine. Hunger. 1928-1934: Documents, Chronicle, Collection of Documents. Vol. 1. 1928-1929 / Ed. by B. Abdighaliyuly. – Almaty: Atamura, 2021. – 920 pp. [in Kazakh].

3. Unknown Pages of the History of the Semipalatinsk Irtysh Region (20-30s of the 20th Century): A Collection of Documents. Part 1. / Compiled by: G.T. Kasymova et al. – Semipalatinsk: Shakarim Semipalatinsk State University, 2002. - 250 pp. [in Russian]

4. Omarbekov T. The Tragedy of Kazakhstan in the 1920s and 1930s. – Almaty: Sanat, 1997. – 320 pp. [in Kazakh].

5. Political Repressions in Kazakhstan in the 1920s–1950s and Rehabilitation Issues: A Collective Monograph / Ed. by Abil E.A. – Almaty: “Madiyar,” 2023. – 1056 pp. [in Russian]

6. Zhakisheva S.A. Elimination of the Bays' Holdings at the Turn of the 1920s-1930s: New Approaches, Methods, and Technologies. – Almaty: Kazakh University, 2021. – 222 pp., [in Russian]

7. Syzykova, A.M., Amanova, A.S., Moldakimova, A.S. The formation of protest sentiments during the campaign to eliminate baisty and kulakism in Pavlodar Priirtyshye / Otan tarihy. 2022. №4, pp. – 111-121. [in Russian]

8. Cameron S. The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan / Sara Cameron: Authorized translation from the English by A. Tereşenko. – M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2020. – 360 pp. [in Russian]

9. АОМА, Fund 74, 3-tizim, 7-is, p. 68. [in Kazakh]. [in Russian] pp 68

10. Zhumabekov D.A., Kozina V.V., Nyqmetova Zh.T., Sakkulakova F.D. The Campaign to Eliminate the Kulaks in Central Kazakhstan in the Late 1920s. Bulletin of Karaganda University, 2024. 29, 4 (116), pp. 18-30. [in Kazakh].

11. RK PA, Fund 141, 1-tizim, 2874-is. pp 58 [in Russian]

12. RK OMA, Fund 5, 1-tizim, 15-is, pp. 46. [in Russian]

13. Bekmagambetova M. Zh., Bekmagambetov R. K., Shakhman Z. B. On the Implementation of the 1928 Decree on the Confiscation of Kulak Farms in the Kostanay Region According to Archival Sources. // Bulletin of KazNPU, Series “Historical and Social-Political Sciences”. 2017. – No. 4 (55). pp. 163–169. [in Russian]

14. АОМК, Fund 74, 3-tizim, 36-is, pp 22. [in Kazakh].

15. АОМА, Fund 3, 1-tizim, 25-is. pp63 [in Kazakh].

16. Espenbetova A. M., Bayimbetova N. The Confiscation of Kazakh Wealth and Its Consequences (Based on materials from the Irgiz region) // ABAY KAZNPU HABARI, “History and Political-Social Sciences” series, No. 2(61), 2019. pp. 36-40. [in Kazakh].

17. RK OMA, Fund 5, 2-tizim, 420-is, pp. 67. pp 5, pp18 [in Russian]

18. RK OMA, Fund 5, 12-tizim, 420-is. pp 75 [in Russian]

19. RK OMA, Fund 5, 10-tizim, 690-is, pp. 57. [in Kazakh].

20. QR OMA, Fund 5, 9-tizim, 500-is pp6, pp26. [in Russian]

21. Soviet Steppe 1928. №243-244, October 20-21. [in Russian]

**ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ
METHODS OF TEACHING HISTORY**

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI 03.01.45

ӨӨЖ/УДК/UDS 04 (574)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.013>

Б.Т. Калиева *¹

¹*PhD, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы, Қазақстан*

E-mail: tynysbekovna@mail.ru

<http://orcid.org/0000-0002-3690-6555>

**ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ:
МЕКТЕПТЕ САБАҚ БЕРУДЕГІ КАРТОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада Жетісу өлкесінің тарихи ескерткіштеріндегі картографияның сабақ барысындағы маңыздылығы қарастырылды. Шетел ғылыми жұмыстарындағы картография сұрақтарының қолданыста болуын үлкен әлеуетін атап өтілді. Зерттеуші аймақтық тарих пен өлкетану материалдарын білім беру үдерісіне кіріктірудегі картографиялық әдістердің рөлі мен маңызына тоқталған. Картографияның мектепте сабақ барысында қолданылуының технологиялары кейбір жағдайларда әртүрлі құбылыстар арасында байланыс орнатуға, қазірде балама көзқарасты қарастыруға. Автор картографиялық мәселелердің мектепте жұмыс істеудің оңтайлы құралдары мен мүмкіндіктерін табуға, оларды тарихи зерттеулердің ерекшеліктеріне бейімдеуге тырысуда. Мақаланың негізгі мақсаты — мектептегі тарих сабақтарында Жетісудың тарихи нысандарын визуализациялау деңгейін талдау және осы бағыттағы картографиялық қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін айқындау болып табылады.

Сонымен қатар, мақалада оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілеті мен картографиялық сауаттылығын арттыру мақсатында заманауи геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ), интерактивті және цифрлық карталарды сабақ үдерісіне енгізудің тиімді жолдары ұсынылады. Автор Жетісу өлкесінің археологиялық, сәулеттік және тарихи ескерткіштерін мектеп бағдарламасына сәйкес карта бетіне дұрыс түсірудің ғылыми-әдістемелік принциптерін негіздейді. Жетісу өлкесінің ескерткіштеріндегі мектеп сабақтарындағы картографиялық мәселелері сараланып талданған. Мектепте сабақ беру барысында оқушыларға Жетісу өлкесіндегі ескерткіштерді түсіндіру барысында картографиялық мәселелерін толық ашып, қарастырылған.

Кілт сөздер: Жетісу, өлке тарихы, ескерткіш, мектеп, сабақ, картография.